

Бекітемін  
ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы»  
менгеруші: **Исбаева Н.М.**



## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **бөбекжай-балабақшасы «Дарын»**

Топ: **ортаңғы «Еркетай»**

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.05 - 10.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Курманбаева Ж.К.

| Апта күндері   | Дүйсенбі  | Сейсенбі | Сәрсенбі  | Бейсенбі | Жұма  |
|--|---|----------|---|----------|---|
| Күн тәртібі  |   |          |   |          |   |
| Балаларды қабылдау   | Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дene қызуын, сыртқы келбеттін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> ) |          |   |          |   |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа занды екілдерімен кеңес, әнгімелесу           | Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлыш сұрақтарына жауап беру; ата-аналармен ақпарат алмасу.  |          |   |          |   |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұсташа: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою.   |          | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сұрту. |          | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді құте білу. |

|   |   |  |  |  |
|---|---|--|--|--|
| <p><b>кітаптарды қарау және басқалар)</b></p> | <p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Күміс жаңбыр".</b><br/>Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Мұхановтың "Күміс жаңбыр төгілді" өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстарды сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуда үйрету және жаттату; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; көркем сөздерді мәнерлеп айтуда дағыландыру.</p>   | <p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар.</b><br/>"Көктем жұмбактары сөздік жаттығулары".<br/>Мақсат-міндеттер.<br/>Балаларды заттардың мазмұнын сипаттаушы формасы, жұмбактармен таныстыру, заттардың не құбылыстардың ерекшеліктері мен қасиеттері жөнінде білімдерінің аясын көңейту.</p> |  | <p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b><br/>"Аялайықты бақбақты!"<br/>Мақсат-міндеттер. Балалардың көктемде өсетін гүл атаулары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлаудың дамыту.</p> |
| <p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>              | <p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Барапқы қалып - аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</li> <li>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады.</li> <li>1.2. Барапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</li> <li>2. Барапқы қалып - аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</li> <li>2.1. Онға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады.</li> <li>2.2. Барапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</li> <li>3. Барапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшак, орамалдар тізе үстінде.</li> <li>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады.</li> <li>3.2. Барапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</li> <li>4. Барапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</li> <li>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</li> <li>4.2. Барапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</li> </ol> <p>(дене шынықтыру)</p> |  |  |  |
| <p><b>Таңғы ас</b></p>                        | <p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауда үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тاماқтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тاماқты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p>  |  |  |  |

|   |   |  |   |   |
|---|---|--|---|---|
|   | <p>"Дана ботқаны жемейді".<br/>Дана ботқаны жемейді,<br/>«Тауыса алмаймын», - дейді.<br/>Дана, басқалардан қалма,<br/>Анаңың мазасын алма.<br/>Қане, қасықты ұстайық,<br/>Дәмді асты таусайық.<br/>Д. Ахметова<br/>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>   |  |   |   |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                            | <p><b>Шаттық шенбері</b><br/>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br/>Күндей жадырап,<br/>Айдай арайлап,<br/>Жұлдыздай жадырап,<br/>Судай таза көңілмен,<br/>Бүгінгі күнімізді бастайық.<br/>(сөйлеуді дамыту)</p> |  | <p><b>Шаттық шенбері</b><br/>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br/>Армысың асыл күн,<br/>Армысың асыл жыр.<br/>Армысың кек аспан,<br/>Армысың достарым,<br/>Жылуыңа жылу қос,<br/>Міне менің қолым!<br/>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> | <p><b>Шаттық шенбері</b><br/>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br/>Жарық болса күніміз.<br/>Жарқын шығар үніміз.<br/>Елін сүйіп ержетер<br/>Біз болашақ гүліміз!<br/><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p> |
| Мектепке дейінгі ұйым қестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/>"Көктемгі гүлдер".<br/>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүргіру қабілетін қалыптастыру; топ бойынша берілген</p>  |  | <p><b>Музыка</b><br/>"Табиғаттың сәні-гүл".<br/>Мақсат-міндеттер.<br/>Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты</p>   | <p><b>Қазақ тілі</b><br/>«Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде.<br/>Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін</p>  |

|                          |   |  |  |  |   |
|--------------------------|---|--|--|--|---|
|                          | бағытқа бірінің артынан бірі жүгіру және шашырап жүгіруге үйрету.   |  | шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көнілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.                                      |  | сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруды сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабак тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл құй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық сезімдеріне баулу. |
| <b>2- таңғы ас</b>       | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )              |  |  |  |   |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )                                   |  |  |  |   |
| <b>Серуен</b>            | <b>Гүлденген бұтталарды (агаштарды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлденген бұтталар мен ағаштар туралы ұғымдарын қалыптастыру; көктем мезгілінде өсімдіктердің тек жапырақтары емес, гүлдері пайда болғанына көңіл аудару; зейінін, ақыл-ойын дамыту. |  | <b>Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бақбақтың негізгі бөлшектерін атап, гүлдер топтамасына жатқызуға баулу; бақбақтың түсі сары, |  | <b>Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-қүйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің  |

Көктемде гүлдейді бұталар,  
 Көктемде гүлдейді ағаштар,  
 Көзге тартымды бұл гүлдер,  
 Қонады гүлге жәндіктер.  
 Д. Ахметова  
**Еңбекке баулу тапсырмалары:**  
 балаларды құмның бетін ағаштан  
 түсіп қалған ұсақ қоқыстардан  
 тазалауға шақыру.  
 Мақсат-міндеттер: балаларды  
 ересектің үлгісіне еріп, қарапайым  
 еңбек әрекеттерін жасауға  
 машиқтандыру; топтастырымен  
 бірге әрекет етуге баулу; тазалық  
 әдетін дамыту.  
**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дene шынықтыру)**  
 Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог  
 белгілеген орындарға сигнал  
 бойынша тоқтап, шоқайып отыруға  
 үйрету; балалардың зейінін,  
 жылдамдығын, ойлау қабілеттерін  
 дамыту.  
 Педагог жерге "гүлдер" деп атап, әр  
 жерге шеңберлерді сыйып немесе  
 қағаздан гүлдер киықтарын шашып,  
 жайып қоюы мүмкін.  
 - Көбелектер, қоңыздар,  
 Тоқтамайсындар, ұшасындар!  
 Қорек іздел жатсандар,  
 Гүлдерге қонасындар!  
 Д. Ахметова  
**"Ирелендеген жолдармен" ойын**

басы үлпілдек екендігін  
 көзben көріп, қолмен  
 ұстап, сипап, өскен  
 жерінен жұлмауға  
 тәрбиелеу.  
 Құннің шуағы шепте,  
 Сары нұктелер төкпе.  
 Тұп-тұзу тіке сабак,  
 Сап-сары гүлдер бақбак.  
 Үп-ұзын көп жапырақ,  
 Сап-сары гүлдер бақбак,  
 Д. Ахметова  
**Еңбекке баулу тапсырмалары:**  
 балаларды участкедегі  
 орындықтарды  
 кылشاқтар арқылы  
 құмнан тазалауға  
 шақыру.  
 Мақсат-міндеттер:  
 балаларды ересектің  
 үлгісіне еріп, қарапайым  
 еңбек әрекеттерін  
 жасауға машиқтандыру;  
 топтастырымен бірге  
 әрекет етуге, тазалыққа  
 баулу; жағымды  
 эмоцияларды дамыту.  
**"Бақбақтар" қимылды ойыны. (дene шынықтыру)**  
 Мақсат-міндеттер.  
 Балаларды сигнал  
 бойынша жан-жаққа  
 шашырап жүгіріп,

қимылдана көңіл аударады.  
 - Балалар, қараңдаршы, бұл біздің  
 көлеңкеміз.  
 - Менің соңынман қайталап көріндер.  
 Тұрсақ - тұрады,  
 Отырсақ - отырады,  
 Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,  
 Соңымыздан қалмайды.  
 Д. Ахметова.  
**Еңбекке баулу тапсырмалары:**  
 балаларды сұхбатхананы тазалауға  
 шақыру.  
 Мақсат-міндеттер: балаларды  
 қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға  
 машиқтандыру; тазалыққа,  
 еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.  
**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)**  
 Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі  
 жаттығуларға еліктей білуге  
 машиқтандыру, жаттығулардан  
 жағымды әсер алуға ынталандыру.  
 - Біз көңілді балалармыз,  
 Қатар-қатармен тұрамыз,  
 Көтереміз иықты,  
 Бақылаймыз жан-жақты.  
 Жүріп, жүріп асықпай,  
 Тез өсеміз, алақай!  
**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)**  
 Мақсат-міндеттер: балаларды допты  
 екі қолмен ұстаяға жаттықтыру;  
 тепе-тендікті сактауға, ептілікке  
 баулу.

|                         |   |  |  |
|-------------------------|---|--|--|
|                         | <p><b>жаттығуы. (дene шынықтыру)</b><br/>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендеген сзықтардың бойымен жүрге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.</p>   | <p>қалаған орындарға шоқайып отыруға ынталандыру; зейінін, шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p>- Балалар, біз шеңберге жиналышп, бір үлкен күн болайық. Шеңберде жүріп, барлығымыз тақпаққа қосылайық. Күннің шуағы шөпте, Сары нұктелер төкпе. Түп-түзу тіке сабак, Сап-сары гүлдер бақбак. "Бақбак" сөзі айтылған кезде жан-жаққа жүгіріп, жерге шоқайып отыра қаласындар.</p> <p>Ойын екі рет өткізіледі.</p> <p><b>"Аюдың орманында"</b><br/><b>қимылды жаттығу.</b><br/><b>(дene шынықтыру)</b><br/>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.</p> |  |
| <b>Серуенниен оралу</b> | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>   |  |  |
| <b>Тұсқі ас</b>         | <p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпей, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сейлемеу.</p> |  |  |

|  |  |  |   |  |
|--|--|--|---|--|
|  | <p><i>Көркем сөз</i><br/>     "Дана ботқаны жемейді".<br/>     Dana ботқаны жемейді,<br/>     «Тауыса алмаймын», - дейді.<br/>     Dana, басқалардан қалма,<br/>     Анаңың мазасын алма.<br/>     Қане, қасықты ұстайық,<br/>     Дәмді асты тауысайық.<br/>     Д. Ахметова<br/> <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>   |  |   |  |
| <b>Түскі ұйқы</b>  | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.   |  |   |  |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>  | <p><b>"Қоян" тақпақ.</b><br/>     Қоян, қоян, тұршы,<br/>     Беті-қолыңды жушы.<br/>     Айнаға қараши,<br/>     Шашыңды тараши.<br/>     Әдемі көйлек киши,<br/>     Бізге қонаққа келші.<br/>     Балалар аяқ киімдерін киіп, жуынатын бөлмеге педагогпен бірге барады.<br/>     Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br/>     Мөлдір суға бетің жу.<br/>     Жуса таза болады,<br/>     Беті-қолың, маңдайың.<br/>     Педагог тақпақты мәнерлеп оқу керек.</p> <p><b>Шынықтыру шаралары.</b><br/>     Дымқыл сұлтімен сұртіну.<br/>     "Денсаулық жолдарымен" жалаңақ жүру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>   |  |   |  |
| <b>Бесін ас</b>  | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>  |  |   |  |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,</b>   | <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 33%; padding: 5px;"><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b><br/>         "Бау-бақшаны гүлдендірейік".<br/>         Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны</td> <td style="width: 33%; padding: 5px;"><b>Мұсіндеуден ойын-жаттығу</b><br/>         "Кемпірқосақ".<br/>         Мақсат-міндеттер.<br/>         Балалардың көктем</td> <td style="width: 33%; padding: 5px; vertical-align: top;"> <b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b><br/>         "Дала гүлдері".<br/>         Мақсат-міндеттер. Балаларды дымқыл құм бетіне, алақанды батырып, гүлге үқсас іздер қалдыруға       </td> </tr> </table> | <b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b><br>"Бау-бақшаны гүлдендірейік".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны     | <b>Мұсіндеуден ойын-жаттығу</b><br>"Кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көктем | <b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b><br>"Дала гүлдері".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды дымқыл құм бетіне, алақанды батырып, гүлге үқсас іздер қалдыруға |
| <b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b><br>"Бау-бақшаны гүлдендірейік".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны | <b>Мұсіндеуден ойын-жаттығу</b><br>"Кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көктем  | <b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b><br>"Дала гүлдері".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды дымқыл құм бетіне, алақанды батырып, гүлге үқсас іздер қалдыруға |   |  |

|  |   |  |  |  |   |
|--|---|--|--|--|---|
| бейнелеу іс-эрекеті, кітаптарды қарau және басқалар) | бойынша салыстыруға және тенденстіруге жаттықтыру; заттар топтамасының біреуіне бір затты қосып немесе алып тастап, екі топтаманы өзара теңестіру, топтаманың бірін аз немесе көп ету тәсілдерін жетілдіру; салыстырудағы өзгерістерді атап айтуға үйрету; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.   |  | құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау, кемпірқосақ түстерімен қайта таныстыру, түстер гаммасы туралы білімдерді пысықтау.  |  | Үйрету, саусақпен гүл бүршігіне сабағын, жапырақтарын тиістіріп салуда жаттықтыру.  |
| Балалармен жеке жұмыс                                | <b>Көктем мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу.</b><br><b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>   |  | <b>Бала тілін дамыту.</b><br>"Гүл" (Тілеуғазы Бейсембеков)<br>Өзім еккен былтырғы Ауламызда гүл тұрды.<br>Мен күн сайын суардым,<br>Ол күн сайын құлпырыды.<br>Қайтқанда да ойыннан,<br>Гүл кетпеді ойымнан.<br>Тез өсті де бойы оның,<br>Асып кетті бойымнан.<br><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b> |  | "Көбелек" тақпағын айтқызу.<br>Бала тілін дамыту.<br>"Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)<br>Сен де қудың көбелек,<br>Мен де құдым көбелек,<br>Жүйрік екен керемет,<br>Ұстапады, не керек?!<br><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b> |
| Серуенге дайындық                                    | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.   |  |  |  |   |
| Серуен   | Тұсқі серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>  |  |  |  |   |
| Серуеннен оралу                                      | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>   |  |  |  |   |
| Кешкі ас   | <b>Гигиеналық дағдылар</b><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлышты дұрыс қолдану; наанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сейлемеу.<br><i>Көркем сөз</i> |  |  |  |   |

|  |   |  |   |   |
|--|---|--|---|---|
|  | <p>"Дана ботқаны жемейді".</p> <p>Дана ботқаны жемейді,<br/>«Тауыса алмаймын», - дейді.</p> <p>Дана, басқалардан қалма,<br/>Анаңың мазасын алма.</p> <p>Қане, қасықты ұстайық,<br/>Дәмді асты тауысайық.</p> <p>Д. Ахметова<br/><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>   |  |   |   |
| <p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қымылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарая және басқалар)</b></p> | <p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарau, сипаттаu; ертегілерді есте жаңғыруту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (<b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауга, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (<b>музыка</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыйызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбыстырудың таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> <p>Өнер бұрышында андардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (<b>шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мұсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауга, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (<b>зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті</b>)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (<b>математика негіздері</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p> |  |   |   |
| <p><b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b></p>  | <p>"Бүгін біз не үйрендік?" ата-аналармен сұхбат жүргізу.</p>   |  | <p>Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.</p> | <p>"Бала тәрбиесіндегі ата-әжелер ролі" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.</p> |